

## "Жеке шоттарын жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 27 ақпандағы № 306 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 13 қантардағы № 29 бұйрығы . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 20 қантарда № 26581 болып тіркелді.

### БҰЙЫРАМЫН:

1. "Жеке шоттарын жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 27 ақпандағы № 306 бұйрығына (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2018 жылғы 14 наурызда № 16601 болып тіркелді) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

""Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 97-бабы 2 және 7-тармақтарына, 100-бабының 2-тармағына, 101-бабының 7-тармағына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жеке шоттарын жүргізу қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Жеке шоттарын жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) (бұдан әрі – Салық кодексі) 97-бабы 2 және 7-тармақтарына , 100-бабының 2-тармағына, 101-бабының 7-тармағына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" (бұдан әрі – Зан) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленген және салық төлеушілердің (салық агенттерінің) (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) жеке шоттарын жүргізу және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің аумақтық органдарында (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) салықтарды, бюджетке төленетін төлемдерді, сондай-ақ әлеуметтік төлемдерді есепке алу тәртібін, оның ішінде:

1) "Бюджетпен есеп айырысулар жай-күйі туралы, сондай-ақ әлеуметтік төлемдер бойынша жеке шоттан үзінді көшірме беру";

2) "Есебі мемлекеттік кірістер органында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді беру";

3) "Салықтарды, бюджетке төленетін төлемдерді, өсімпұл мен айыппұлдарды есепке жатқызууды және қайтаруды жүргізу" мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындауды.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Салықтар, бюджетке төленетін төлемдер түсімдерін есепке алу Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің (бұдан әрі – Бюджет кодексі) 26-бабы 4-тармағына сәйкес бекітілген Қазақстан Республикасы бірыншай бюджеттік сыныптамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді республикалық және жергілікті бюджет арасында бөлу Бюджет кодексіне сәйкес жүргізіледі.";

34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"34. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 57-1-бабының ережелерін қолдану мақсатында 2018 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша көрсетілетін қызметті алушының жеке шотында есептелген:

1) бересі бойынша – салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлем сомасы:

2018 жылғы 1 қазанға көрсетілетін қызметті алушының жеке шотында көрсетілген "Төлем сальдосы (бересі (-) немесе артық төлем (+))" деген бағанда;

"Есептелген" деген бағанда салықтық тексеру нәтижесі бойынша есептелген және көрсетілетін қызметті алушының жеке шотында көрсетілген, "Төлем мерзімі" деген бағанда 2018 жылғы 1 қазанға дейін төлем мерзімі көрсетілген;

қосымша салықтық есепті ұсыну жолымен көрсетілетін қызметті алушы есептелген "Төлем мерзімі" деген бағанда 2018 жылғы 1 қазанға дейін төлем мерзімі көрсетілген;

2) өсімпұл бойынша – өсімпұл сомасы:

2018 жылғы 1 қазанға көрсетілетін қызметті алушының жеке шотында көрсетілген "Өсімпұл сальдосы (+, -)" деген бағанда;

"Есептелген өсімпұл" деген бағанда салықтық тексеру нәтижесі бойынша есептелген және көрсетілетін қызметті алушының жеке шотында көрсетілген, "Төлем мерзімі" деген бағанда 2018 жылғы 1 қазанға дейін төлем мерзімі көрсетілген;

қосымша салықтық есебі бойынша уақытылы төленбеген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлем үшін есептелген, "Төлем мерзімі" деген бағанда 2018 жылғы 1 қазанға дейін төлем мерзімі көрсетілген, "Есептелген өсімпұл" деген бағанда көрсетілген және 2019 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша төленбеген;

3) айыппұл бойынша – көрсетілетін қызметті алушының жеке шотында салықтың сол түрі және ол бойынша бересі төленген, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлем бойынша көрсетілген айыппұл сомасы:

"Айыппұл сальдосы" деген бағанда (+, -)" 2018 жылғы 1 қазанға;

"Есептелген айыппұл" деген бағанда тексеру нәтижесі бойынша қосылған, "Есептелген" деген бағанда есептелген салық сомасы мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлем көрсетілетін қызметті алушының жеке шотында көрсетілген, "Төлем

мерзімі" деген бағанда 2018 жылғы 1 қазанға дейін төлем мерзімі көрсетілген сома айқындалады.";

39-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"39. Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті қағаз тасымалдағышта ұсынбаған не ол электрондық түрде Салық кодексінің 457-бабының 3-тармағында белгіленген мерзімде көрсетілетін қызметті алушыға түспеген кезде, жанама салықтардың есептелген сомасы бойынша жеке шотқа жазба Есептеу тізілімнің негізінде жүргізіледі.";

41 және 42-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"41. Есептеу тізілімін оның жасалуына жауапты лауазымды тұлға жасайды және Салық кодексінің 457-бабының 3-тармағында көзделген мерзімі болғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей есепке алуудың жүргізуіне жауапты лауазымды тұлғаға табыс етеді.

Есепке алуудың жүргізуіне жауапты лауазымды тұлға Есептеу тізілімін алған күні оның негізінде жеке шотқа жазба жүргізілген құжатты – жанама салықтар сомаларын есептеу туралы көрсетілетін қызметті берушінің қорытындысын көрсете отырып, тиісті бюджет сыныптамасының коды бойынша жеке шоттың "Есепке жазылған" деген бағанына есептелген салық сомасының ҚҚС бойынша жеке шотта таратып жазады.

42. Көрсетілетін қызметті беруші Салық кодексінің 457-бабы 3-тармағында белгіленген мерзім өткеннен кейін тауарларды әкелу және жанама салықтардың төленгені туралы өтінішті қағаз тасымалдағышта ұсынған не электрондық түрде түскен жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы жанама салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемелерін орындауына бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлға мұндай өтінішті салық төлеуші қағаз тасымалдағышта ұсынған не электрондық түрде түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде есептің жүргізуіне жауапты лауазымды тұлғаға бұрын "кемітуге" есептелген салық сомасы көрсетілетін жанама салық сомаларын есептеу туралы көрсетілетін қызметті берушінің қорытындысы негізінде жасалған Есептеу тізілімін жолдайды. Есепке алуудың жүргізуіне жауапты лауазымды тұлға Есептеу тізілімді алған күні тиісті бюджет сыныптамасының коды бойынша жеке шоттың "Кемітілді" деген бағанына салық сомасын таратып жазады.

Бұл ретте Салық кодексінің 457-бабы 3-тармағында белгіленген мерзімде тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш қағаз тасымалдағышта ұсынылмаған не оны электрондық түрде алмаған кезде салық сомасына есепке жазылған өсімпұл жеке шоттан іріктеуге жатпайды.";

102-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"102. "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабы 10-тармағында белгіленген жағдайларда міндетті зейнетақы журналары бойынша берешектерді бұрынғы қызметкердің банктік шотына аударған кезде көрсетілетін қызметті алушы өсімпұл сомаларын есепке

алмағанда, жоғарыда көрсетілген міндетті зейнетақы жарналарының сомасы ұсталған кезең үшін қосымша Жеке табыс салығы бойынша есепті ұсынады.

Есепке бұрынғы қызметкерге акцепт жүргізілгені туралы банктің белгісімен бірге, міндетті зейнетақы жарналары мен өсімпұл сомаларын аудару фактісін растайтын төлем құжатының көшірмесі қоса беріледі.

Бұрынғы қызметкерінің банктік шотына аударылған міндетті зейнетақы жарналары мен өсімпұлдар сомасына жеке шотта азайту жүргізіледі.";

131-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"131. Тізілім Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 897-бабы 1-бөлігінде көрсетілген, әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының және орындалған хабарлама (хабарлау) негізінде, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамаға сәйкес шығарылған, айыппұл сомасы, бюджетке аудару мерзімі көрсетілген көрсетілетін қызметті берушінің шешімі негізінде толтырылады.";

159-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"159. Көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оңалту рәсімін қолдану немесе банкроттық туралы іс қозғау барысында берешектің болмауы (болуы) туралы мәліметтер "Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген рәсімдерге кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізу үшін талап қою өкілеттігіне кіретін, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің сұрау салуы негізінде қалыптастырылады.

Берешектің болмауы (болуы) туралы мәліметтерде салықтарды, төлемақыларды, өсімпұлдарды төлеу бойынша салықтық міндеттемелерді орындау, оңалту рәсімін қолдану мерзімін өзгерту кезде, сонымен бірге салық берешегі және көрсетілетін қызметті алушының әлеуметік төлемдер бойынша, банкрот болып танылған – қызметті алушы банкрот болып тану туралы соттың шешімі заңдық күшіне ену күнінен, Заңымен белгіленген банкрот рәсімі өткізуі кезеңіне салық берешегі көрсетілмейді.";

168-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"168. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушылар осы Қағиданың 22-қосымшасының 8-тармағымен көзделген тізбеге сәйкес құжаттарды ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын сәйкестендіру үшін жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисіндегі электрондық құжат ұсынылады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды электрондық түрде ұсынған кезде – көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦК) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы салықтық өтініш портал арқылы қабылданады.

Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелерде

қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісімін береді.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді уәкілетті орган тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден портал арқылы уәкілетті лауазымды адамдардың ЭЦҚ қуәландырылған электрондық құжат нысанында алады.

Көрсетілетін қызметті алушылардан тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды және мәліметтерді талап етуге жол берілмейді.

Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларға 22-қосымшаның 8-тармағында көзделген тізбеке сәйкес толық құжаттар топтамасын Мемлекеттік корпорацияға табыс етпеген кезде, Мемлекеттік корпорациясының қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы қабылдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат беріледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

Құжаттарды портал арқылы берген кезде көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрау салудың қабылданғаны туралы мэртебе, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушылар құжаттарды Мемлекеттік корпорацияға келу тәртібімен тапсырған кезде – Мемлекеттік корпорация қызметкері көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды тексереді, және қабылданған құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге куръер қызметі арқылы жолдайды.

Көрсетілетін қызметті берушінің құжаттарды қабылдауға жауапты құрылымдық бөлімшесі құжаттар түскен күні ұсынылған құжаттарды қабылдайды, тексереді және тіркейді (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Заңына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштер мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды электронды түрде ұсынған кезде құжаттарды өндөу автоматты түрде жүргізіледі. Бұл ретте, көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидалардың 22-қосымшасы 8-тармағында көзделген тізбеке сәйкес құжаттар топтамасын электронды түрде толық ұсынбаған және (немесе) қолданыс мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ӘРПК) 73-бабы 2-тармағының 7) тармақшасына сәйкес тыңдау жүргізбей, электронды түрде ұсынылған құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидалардың 22-қосымшасының 8-тармағында көзделген тізбеке сәйкес құжаттар топтамасын қағаз тасығышта толық ұсынбаған және (немесе) қолданыс мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші ӘРПК 73-баптың талаптарын сақтап, қағаз тасығышта ұсынылған құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Осы Қағидаларға сәйкес, мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті мәліметтер болмаған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері қағаз тасығышта ұсынылған құжаттар келіп түскен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға ұсынылған құжаттар топтамасы қандай талаптарға сәйкес келмейтінін және оны сәйкестікке келтіру мерзімін көрсетеді.

Хабарламада көрсетілген қағаз тасығышта ұсынылған құжаттарды сәйкестікке келтіру мерзімі 2 (екі) жұмыс күнін құрайды.

Егер хабарлама алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушы қағаз тасығышта ұсынылған құжаттарды талаптарға сай сәйкестікке келтірмеген болса, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті одан әрі қараудан бас тартады

Егер мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға негіздер анықталған болса, көрсетілетін қызметті беруші қағаз тасығышта құжаттарды ұсынған көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын-ала шешім туралы, сондай-ақ тыңдауды өткізу уақыты мен орны (әдісі) туралы алдын-ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға ез позициясын білдіру үшін хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын қағаз тасығышта құжаттарды ұсынған көрсетілетін қызметті алушыға жіберіледі. Тыңдау хабарлама жіберілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей өткізіледі.

Қағаз тасығышта құжаттарды ұсынған көрсетілетін қызметті алушыны тыңдау нәтижелері бойынша хаттама жасалады және көрсетілетін қызметті беруші рұқсат немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды береді.

Бұл ретте, қағаз тасығышта құжаттарды ұсынған көрсетілетін қызметті алушы өтінішхат берген жағдайда, тыңдау рәсімі жүргізілмеуі мүмкін.

Қағаз тасығышта тапсырылған құжаттар пакеті толық болған жағдайда құжаттарды өндеуге жауапты қызметкер оларды алған күні құжаттарды одан әрі өндеу үшін ОБЖШ АЖ-не енгізеді.

Қызметті алушының жеке шотында көрсетілген салықтың, бюджетке төлемнің, айыппұлдың, өсімпұлдың немесе жеке шот жүргізілмейтін төлемдер бойынша артық төленген сомасы болған кезде ОБЖШ АЖ салық, бюджетке төленетін төлем, айыппұл, өсімпұл сомасын есепке жатқызууды немесе қайтаруды жүргізуге арналған төлем тапсырмасын қалыптастырады. Төлем тапсырмасын қалыптастырғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде құжаттарды өндеуге жауапты қызметкер ЭЦҚ төлем тапсырмасына

қол қояды. Қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ төлем тапсырмасына қол қойылғаннан кейін оны бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға жіберу жүргізіледі

Заңың 5-бабы 2-тармағының 11)-тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті берушілер мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен енгізуі қамтамасыз етеді.

Портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі немесе Салық кодексінің 101-бабында көрсетілген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті алушының лауазымды адамының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде:

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі ақпарат түрінде жолданады;

Салық кодексінің 101-бабында көрсетілген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап қағаз тасығышта жіберіледі.

Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беру жеке басын куәланыратын құжатты (не өкілдің тиісті өкілеттіктері көрсетілетін Қазақстан Республикасының азаматтық заннамасына сәйкес берілген құжаттың негізінде әрекет ететін оның өкілі) көрсеткен кезде тиісті құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат негізінде жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті берушімен, Мемлекеттік корпорациямен уақытында қажет етілмеген құжаттарды сақтау шарттары:

көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алуға келмеген жағдайда көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды көрсетілетін қызметті алушы алғанға дейін сақтайды;

Мемлекеттік корпорация құжаттардың 1 (бір) ай сақталуын қамтамасыз етеді, одан кейін оларды көрсетілетін қызметті берушіге сақтауға береді.

Көрсетілетін қызметті алушы 1 (бір) ай мерзім өткеннен кейін жүгінген кезде Мемлекеттік корпорацияның сұрауы бойынша көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) күн ішінде дайын құжаттарды Мемлекеттік корпорация көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін жолдайды.";

9-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"9-параграф. Банкрот деп танылған занды тұлғалардың, дара кәсіпкерлердің және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген негіздер бойынша оналту, сондай-ақ тарату рәсімінен өтетін занды тұлғалардың, дара кәсіпкерлердің салық міндеттемелерін орындауын есепке алу";

256-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"256. Міндеттемелердің орындалуына бақылау бойынша лауазымды тұлға есепке алуды жүргізуге жауапты лауазымды тұлғаға деректемелерін көрсете отырып (атауы, БСН немесе ЖСН, орналасқан орны, банк шоттарының деректемелері, сот шешімінің күні мен нөмірі), оларға сот шешімдерімен банкроттық, оңалту, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 49-бабында көзделген негіздер бойынша тарату рәсімі қолданылған дара кәсіпкерлердің, заңды тұлғалар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің тізбесін береді.

Көрсетілетін қызметті алушыға қатысты банкрот рәсімі қолданылған кезде міндеттемелерін орындауды бақылау бойынша лауазымдық тұлға Салықтар, төлемдер және өсімпұлдарды төлеу жөніндегі салықтық міндеттемелерді орындау мерзімдерін өзгерту тізілімін жасайды және есеп шоттарын жүргізуге жауапты лауазымды тұлғаға тапсырады. Салықтар, төлемдер мен өсімпұлдарды төлеу жөніндегі салықтық міндеттемелерді орындау мерзімдерін өзгерту тізілімі салық төлеушінің банкрот деп танылғаны туралы сот шешімі заңды күшіне енген күні жасалады.

"Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңында бекітілген банкроттық рәсімін өткізу кезеңінде көрсетілетін қызметті алушы салық берешегін банкрот деп тану туралы сот шешімінің заңды күшіне енгені бар болса, "Салық міндеттемелерін орындау мерзімін өзгерту жөніндегі мәліметтер" деген жеке шотының бағанында көрсетіледі:

"Салық (төлем) сомасы" деген бағанда салықтың, төлемдердің сомасы жүргізіледі;

"Өсімпұл сомасы" деген бағанда өсімпұлдың сомасы жүргізіледі;

"Айыппұл сомасы" деген бағанда айыппұлдың сомасы жүргізіледі.";

293-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"293. Есептілік күніне 1Н-нысанды есепті жасау кезінде есептің тиісті бағандары бойынша:

1) "Жоспар" - бекітілген болжамды көрсеткіштер;

2) "Нақты тұсімдер" - бюджетті орындау бойынша уәкілетті органның деректері бойынша жыл басынан бастап мемлекеттік бюджетке тұсімдер;

3) "Респубикалық бюджетке нақты тұсімдер" - бюджетті орындау бойынша уәкілетті органы ведомстволарының негізінде жыл басынан бастап респубикалық бюджетке тұсімдер;

4) "Жергілікті бюджетке нақты тұсімдер" - бюджетті орындау бойынша уәкілетті органы ведомстволарының негізінде жыл басынан бастап жергілікті бюджетке тұсімдер ;

5) "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан барлық тұсімдер" - мемлекеттік бюджетке тұсімдер қосу бюджетті орындау бойынша уәкілетті органы ведомстволарының негізінде жыл басынан бастап Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына мемлекеттік бюджетке тұсімдер;

6) "оның ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына түсімдер" - жыл басынан бюджетті орындау бойынша уәкілетті органның деректері бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына түсетін түсімдер;

7) "орындалу %" - бюджетке түсімдер бойынша есеп күніндегі болжамды көрсеткіштерді орындау пайызы;

8) "Бересі" - салық төлеушілердің бересілері.

Есепті мерзімдегі "Бересі" деген бағанына:

салық, бюджетке төлемдер және "Кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде көзделген салықтардың, кедендік төлемдер мен салықтардың есептелген және мерзімінде төленбеген сомалары бойынша артық төленген соманың болуына қарамастан жеке шоттар бойынша (өсімақы мен айыппұлсыз) есептелген және мерзімінде төленбеген салық және бюджетке төленетін төлемдер;

Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізілмеген бересі сомасы ;

салықты төлеу бойынша салық міндеттемесін орындаудың өзгерілген мерзімі өткен бойда төленуге жататын салық сомасы жатады.

1Н-нысанды есептің "Бересі" деген бағанында мыналар көрсетілмейді:

салықты, төлемақыны төлеу бойынша салық міндеттемесін орындаудың өзгерілген мерзімі бар, соның ішінде сотпен бекітілген оңалту жоспарына сәйкес салық сомасы;

занды күшіне енген сот шешімімен банкрот деп танылған салық төлеушінің бересі.

9) "ҚҚС-ты өтеу сомасы, барлығы" - ағымдағы жылдың басынан қайтарылған ҚҚС сомасы;

10) "Төленген өсімпұлдың сомасы" - өсімпұлды өтеу шотына ағымдағы жыл басынан түскен түсімдер;

11) "Төленген айыппұл сомасы" - айыппұлды өтеу шотына ағымдағы жыл басынан түскен түсімдер;

12) "Артық төлем" - бюджетке салықтар мен төлемдердің түрлері, "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде көзделген, банкрот деп жарияланған, көрсетілетін қызметті алушының артық төлемінен басқа, есепті күні жеке шоттарда іс жүзінде қалыптасқан, бірақ конкурсстық өндіріс аяқталмаған кедендік төлемдер мен салықтар бойынша артық төлем және сот оңалту рәсімін қолдану туралы ұйғарым қабылдаған көрсетілетін қызметті алушының артық төлемі, әрекетсіз көрсетілетін қызметті алушының жеке шотындағы артық төлемі, Салық кодексінің 48-бабы 2 және 3-тармақтарында белгіленген, талап қоюдың ескіру мерзімінен артық есептелген артық төлем сомасы;

13) "Жинақтаушы зейнетақы қоры" деген жол бойынша толтырылады: "Нақты түсімдер" деген бағаны - міндетті зейнетақы жарналардың түсімдері, міндетті кәсіби

зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары "Бересі", "Артық төлем" деген бағандары – тиісінше банкрот деп жарияланған, алайда олар бойынша конкурстық іс жүргізу аяқталмаған және сот оңалту рәсімін қолдану туралы ұйғарым қабылдаған салық төлеушілердің бересілері мен артық төлемдерінен басқа, есепті күнде жеке шоттарда қалыптасқан міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіби зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша бересі немесе артық төленген сома;

14) "Әлеуметтік аударымдар" деген жол бойынша толтырылады: "Нақты тұсімдер" деген бағаны - әлеуметтік аударымдардың тұсімдері, "Бересі", "Артық төлем" деген бағандары - тиісінше банкрот деп жарияланған, алайда олар бойынша конкурстық іс жүргізу аяқталмаған және сот оңалту рәсімін қолдану туралы ұйғарым қабылдаған көрсетілетін қызметті алушының бересілері мен артық төлемдерінен басқа, есепті күнде жеке шоттарда қалыптасқан әлеуметтік аударымдар бойынша бересі немесе артық төленген сома;

15) "Міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар" деген жол бойынша толтырылады: "Нақты тұсімдер" деген бағаны - міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдардың және (немесе) жарналардың тұсуі, "Бересі", "Артық төлем" деген бағандары - тиісінше банкрот деп жарияланған, алайда олар бойынша конкурстық іс жүргізу аяқталмаған және сот оңалту рәсімін қолдану туралы ұйғарым қабылдаған салық төлеушілердің бересілері мен артық төлемдерінен басқа, есепті күнде жеке шоттарда қалыптасқан міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар бойынша бересі немесе артық төленген сома.";

295-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"295. Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағымдар көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлға шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, шешімге, әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасайды, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Егер занда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.";

16, 17, 19, 22, 25, 27 және 29-қосымшалар осы бұйрықтың 1, 2, 3, 4, 5, 6 және 7-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасы заннамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар және

аэрофарыш өнеркәсібі министрлігі

E. Жамаубаев

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлік

2022 жылғы 13 қаңтардағы

№ 29 бұйрығына

1-қосымша

Жеке шоттарын жүргізу

қағидаларына

16-қосымша

"Бюджетпен есеп айырысулар жай-күйі туралы, сондай-ақ әлеуметтік төлемдер бойынша жеке шоттан үзінді көшірме беру" (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша, арнайы экономикалық аймақтардың аумақтары бойынша аумақтық органдары
---	---------------------------------------	---

2	Мемлекеттік қызметтерді ұсыну тәсілдері	www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы (бұдан әрі – портал)
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	салықтық өтініш тіркелген күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	электрондық түрде (тольғау автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	көрсетілген қызметті берушінің лауазымды адамның электрондық цифрлық қолтанбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында көшірме немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетіletіn қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	мемлекеттік қызмет тегін негізде көрсетіледі
7	Жұмыс кестесі	1) көрсетіletіn қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Заңына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден жұмаға дейін, сағат 13.00–ден 14.30–ға дейін түскі үзіліспен, сағат 09.00–ден 18.30–ға дейін; 2) портал – тәулік бойы, жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда (көрсетіletіn қызметті алушы ҚР Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініштер мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

8	Мемлекеттік қызметтер көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	ЭЦҚ-мен куэландырылған электрондық құжат нысанында салықтық өтініш
9	Қазақстан Республикасының зандарымен белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	мемлекеттік қызметті алу үшін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігінін анықталуы
